



**САУЫҚТЫРУДЫҢ ЖЕКЕ  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

жаднама

# СЖБ ДЕГЕН НЕ?



**Сауықтырудың жеке бағдарламасы (бұдан әрі – СЖБ)** – бұл сіздің балаңыз үшін жасалатын мемлекет **кепілдендірген** әрекеттер. Мамандар мен әлеуметтік қызметтердің әрекеттері. Сіздің балаңыз үшін қандай нақты әрекет жасау қажет екенін түсіну үшін сауықтырудың жеке бағдарламасын әзірлеу керек.

СЖБ - мүгедек адамды сауықтырудың нақты көлемін, түрін және мерзімін анықтайтын құжат. СЖБ ағзаның бұзылған және жойылған қызметін қалпына келтіруге арналған **медициналық, әлеуметтік және кәсіби** сауықтыру шараларынан тұратын сауықтыру іс-шараларының кешенін анықтайды.



# ЖСБ НЕ ҮШІН КЕРЕК?

Әдетте онкологиялық аурумен ауырған немесе ауыратын бала қалыпты өмір сүру мүмкіндігін жоғалтады.

Бұл жағдай тамақтануда, адамдармен қарым-қатынаста, демалыста, оқуда туындайтын бірқатар шектеулерден болады. Ал, аяқ-қолын жоғалту қаупі бар немесе қайта орнына келмейтін өзгерістерге әкелетін операциялар жасау нәтижесінде мұндай шектеулер айқын сезіледі. Сол үшін, сауықтыру – емдеуден кейін немесе емдеу кезеңдерінің арасындағы үзілістерде емделушінің өмір сапасының деңгейін қалыпты ұстауға және көтеруге көмектесетін, өмір сүруін барынша жеңілдетуге ықпал жасайтын әрекеттер кешені.

Яғни, сауықтырудың жеке бағдарламасы – дертпен және оның салдарымен күресуге бағытталған мамандар мен емделушінің отбасымен бірлескен әрекеттері.



# СЖБ РЕСІМДЕУ ҮШІН НЕ КЕРЕК

СЖБ мүгедектің (немесе оның заңды өкілінің) еркін нысандағы **Өтініші** негізінде, мынадай құжаттарды берумен бірге әзірленеді:

**1** жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, туу туралы куәліктің көшірмесі (он алты жасқа дейінгі мүгедек бала үшін) және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

**2** тұрақты мекенжайы бойынша тіркеуді растайтын құжат (азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы немесе мекенжайлық анықтама немесе кенттік және ауылдық әкімдердің анықтамасы). Тұлғаның түзету мекемесінде немесе тергеу изоляторында болу фактісін растайтын анықтама (еркін нысанда);

**3** ) 088/у нысаны немесе медициналық ұйымның дәрігерлік-кеңес беру комиссиясының (бұдан әрі – ДҚК) анықтамасы, ресімделген күннен бастап бір айдан кешіктірмей;

**4** мүгедектікті растайтын анықтама көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

**5** динамикалық бақылауды талдау үшін амбулаторлық аурудың медициналық картасы;

**6** әлеуметтік жеке кодты (ЖСН) беру туралы куәліктің көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;


**7** СЖБ кәсіби бөлігін әзірлеу үшін:  
- еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса, еңбек етуге қабілетті тұлға ұсынады);  
- еңбек сипаты мен талаптарын өзгертуге мұқтаж мүгедектер үшін өндірістің еңбек сипаты мен талаптары туралы мәліметтер;

**8** психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру (бұдан әрі – ПМПК) қорытындысы – он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға **тәрбиелеу, оқыту түрі мен нысанын анықтау үшін** көрсеткіштер белгіленген жағдайда;

**9** мүгедектің тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын зерттеу актісі (**тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға** СЖБ әзірлеу үшін мүгедек адам немесе оның заңды өкілі береді).

# СЖБ ӘЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ

- СЖБ халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің, денсаулық сақтау ұйымдарының, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің және сауықтыру іс-шараларын іске асыратын басқа ұйымдардың, кәсіпорындардың және мекемелердің қызметкерлерін тарту арқылы мүгедек адамды куәландырған күннен бастап бір айдың ішінде әзірленеді. Сіздің қалаңызда мұндай бөлімшенің қайда орналасқаны туралы ақпаратты ХҚО қызметкерлері немесе сіздің денсаулық сақтау департаментіңіз бере алады, оның нөмірін анықтамалықтан білуге болады. *«Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің» ішінде «Медициналық-әлеуметтік сараптама, мүгедектерді сауықтыру және әлеуметтік қолдау басқармасы»* бар.
- СЖБ мүгедектік белгіленген мерзімге әзірленеді.
- СЖБ мыналардан тұрады:



- Сауықтырудың медициналық, әлеуметтік, кәсіби бөліктерінің тіркеу нөмірлері СЖБ картасының тіркеу нөміріне сәйкес болуға тиіс.

# СЖБ ӨЗІРЛЕУ МЫНАДАЙ КЕЗЕҢДЕРДЕН ТҰРАДЫ:



Сауықтыру-сараптамалық диагностика жүргізу.



Сауықтыру іс-шараларының түрлерін, талаптарын, көлемдерін және орындалу мерзімін анықтау.



Сауықтыру-сараптамалық қорытынды – бұл мамандар жасаған құжат, бұл құжатта мамандар СЖБ жасауға қажетті ақпаратты көрсетеді, бұл сіздің балаңызды сауықтыру үшін және қандай болжам болатынын анықтау үшін қажет.

Сауықтыру-сараптамалық қорытындыда **мүгедек адамның** сауықтыру іс-шараларына **мұқтаждығы** қысқаша негізделеді.

# СЖБ ӨЗІРЛЕУ

**Сауықтыру-сараптамалық диагностика** - сауықтыру және клиникалық әлеуетті, сауықтыру және клиникалық болжамды бағалау.

**Сауықтыру әлеуеті** – бұл дәл осы сәтте балада бар нәрсе. Қазіргі оның мүмкіндігі, қабілеті қандай. Сөз дене және ақыл-ес мүмкіндіктері туралы болып отыр. Бұл бағалау аса маңызды, өйткені онсыз балаға көмектесу үшін не істеу керек екенін түсіну мүмкін емес.

**Сауықтыру болжамы** – бұл егер балаға сауатты түрде көмек көрсетілгенде баланың қандай болатыны туралы мамандардың пікірі. Оның жай-күйінде қандай өзгерістер болады, қандай мүмкіндіктері мен қабілетін қалпына келтіруге мүмкін болады. Болжам әртүрлі болуы мүмкін. Және бұған ата-анасы дайын болуға тиіс. Өйткені кез-келген жағдайда балаға тиімді көмек көрсету үшін ақпарат толық болу керек.

**Клиникалық болжам** - клиникалық-функционалдық мәліметтерді талдау, этиологияның, патогенездің және ауру барысының ерекшеліктерін, тіршілік әрекетін шектеуге әкелген жарақаттар мен кемістіктің салдарын саралау нәтижелеріне негізделген арудың дамуының және аяқталуының болжамы.

# САУЫҚТЫРУ ӘЛЕУЕТІ БЫЛАЙША БАҒАЛАНАДЫ:

## ЖОҒАРЫ

өмір сүру әрекеті, еңбек ету қабілеті және әлеуметтік жағдайы шектелген барлық санаттар бойынша денсаулығының толық қалпына келуі (толық сауықтыру);

## ҚАНАФАТТАНАРЛЫҚ

ағза қызметінің бір қалыпты білінген бұзылуы, өмірлік іс-әрекет санаттарын орындау шектеулі немесе техникалық қосымша (компенсаторлық) құралдар көмегімен мүмкін болады, әлеуметтік қолдау көрсету қажеттілігі (ішінара сауықтыру – мүгедек адамды мүгедектіктің 1 немесе 2 тобынан 3 тобына ауыстыру);

## ТӨМЕН

ағза қызметінің көзге түсерліктей бұзылуы, өмірлік іс-әрекетінің көптеген санаттарын орындауда айтарлықтай шектеу бар, тұрақты түрде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі (ішінара сауықтыру – мүгедек адамды мүгедектіктің 1 тобынан 2 тобына ауыстыру);

## ӘСАУЫҚТЫРУ ЛЕУЕТІНІҢ ЖОҚТЫҒЫ

ағза қызметінің анық білінген күрт түрде бұзылуы, қалпына келтіру немесе қызметтің негізгі түрлерін өз бетінше орындау мүмкін емес, тұрақты түрде күтім қажеттілігі (сауықтыру мүмкін емес, тұрақты мүгедектік немесе асқынуы).



# КЛИНИКАЛЫҚ БОЛЖАМ БЫЛАЙША БАҒАЛАНАДЫ:

## ЖАҒЫМДЫ

толық сауығу (толық қалпына келу) немесе ағзаның бұзылған қызметінің және өмірлік іс-әрекеті шектелуінің қалпына келуі;

## САЛЫСТЫРМАЛЫ ЖАҒЫМДЫ

аурудың, жарақаттар мен кемістіктердің қалдық белгілері қалған толық сауықпау, ағза қызметі бұзылуының және өмірлік іс-әрекеті шектелуінің төмендеуі, тұрақтануы немесе ішінара қалпына келуі;

## ЖАҒЫМСЫЗ

денсаулық жай-күйінің тұрақтандыру, ауытқу процесінің дамуын тоқтату және ағза қызметінің бұзылу дәрежесін және өмірлік іс-әрекеттің шектелуін төмендету мүмкін емес;

## КҮМӘНДІ

аурудың, жарақат пен кемістік салдарының түсініксіз күйде жалғасуы.

# СЖБ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

- Куәландырылатын тұлғаның мәліметтері мүгедектерді есепке алу жүйесінің орталықтандырылған банкіне (бұдан әрі - МЕОБ) енгізіледі, онда СЖБ құрастырылады және қағазға басып шығарылады. СЖБ-на медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге қатысқан аумақтық бөлімшелердің бастықтары, бас мамандары қол қояды және куәландыру үшін мөртабан басылады.
- СЖБ картасы медициналық-әлеуметтік сараптама актісіне тігіледі. СЖБ картасынан үзінді көшірме мүгедек адамға (немесе оның заңды өкіліне) беріледі.

*Маңызды: бұл үзінді көшірмені сақтаңыз!*

- Медициналық сауықтыруды медициналық ұйымдар жүргізеді.

*Сіздің жеке сауықтыру бағдарламаңызда медициналық әрекеттерге қатысты көрсетілгендердің бәрінің - орындалуы міндетті. Және сіздің мұны тұрақты тұратын жеріңіздегі емханада, санаторийде және бақса медициналық ұйымдарда алуға құқығыңыз бар. Бұл молшылықтан емес, бұл сауықтыру шарасы және бұл маңызды!*

- Әлеуметтік сақтандыруды халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің ұйымдары, арнайы білім ұйымдары (психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру, сауықтыру орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері) жүргізеді.

*Егер баланың тұрақты психологиялық күйіне қолдау көрсету үшін психологқа бару қажет болса – бұл аусарлықтан немесе молшылықтан емес. Бұл міндетті шара (кеңес беру СЖБ-на кіреді). Әлеуметтік сауықтыру бойынша ұсыныстарға мұқият назар аударыңыз.*

Бекітілген сауықтырудың медициналық, әлеуметтік, кәсіби бөліктері 3 күндік мерзімде жіберіледі:



тұратын жері  
бойынша денсаулық  
сақтау ұйымына -  
сауықтырудың  
медициналық бөлігі



халықты әлеуметтік қорғау  
органына – сауықтырудың  
әлеуметтік бөлігі, сауықтырудың  
кәсіби бөлігі

# СЖБ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

- Комиссия әзірлеген сіздің СЖБ-дың жобасында өтінішіңізде айтылған барлық тармақтар бойынша ұсыныстар болуға тиіс. Сіздің СЖБ-да оған енгізілген іс-шаралардың әрқайсысының нақты орындаушылары көрсетілгенін қадағалаңыз.
- Сіз СЖБ-да ұсынылған бір ұсыныстан (оның түрінен, нысанынан және көлемінен) оны басқасымен ауыстыруды өтініп, бас тарта аласыз және бұл өзгерістердің бағдарламаның түпкілікті нұсқасына енгізе аласыз.
- СЖБ түпкілікті нұсқасы тұтас бірқатар себептерге байланысты сіздің түсінігіңіздегі жағдайға тіпті сәйкес келмеуі мүмкін. Сіз ұсынған СЖБ жобасы келісілмегенде (өтінішіңізде көрсетілген қалаған ұсыныстардың барлық тармақтары ескерілмеген және кейбір нұсқамалық ұсыныстарға наразылық білдірілген жағдайда) жоғарғы сатыдағы органдарға – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық бөлімшесіне бір айлық мерзім ішінде тиісті жазбаша өтініш беру арқылы СЖБ-ға қарсылық білдіре аласыз.
- СЖБ медициналық, әлеуметтік және кәсіби бөліктері бойынша іс-шаралардың жүзеге асырылуын және тиімділігін бақылауды мүгедек адамды кезекті куәландыру кезінде немесе оны динамикалық бақылау тәртібімен аумақтық бөлімше іске асырады.

*Бақылауға және куәландыруға уақытында келу аса маңызды. Осылай сіз өзіңіз мамандармен кеңесе, динамикаға назар аудара және қажет болған жағдайда сауықтыру әдістерін өзгерту бойынша кеңес ала аласыз.*

# СЖБ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

- Сауықтырудың медициналық, әлеуметтік және кәсіби бөліктері бойынша жүргізілген іс-шаралардың тиімді жүзеге асырылуын және тиімділігін бағалауды мүгедек адамды кезекті куәландыру кезінде немесе оны динамикалық бақылау тәртібімен аумақтық бөлімше іске асырады.
- СЖБ уақытында түзету және сауықтырудың келесі шараларын әзірлеу үшін аумақтық бөлімше динамикалық бақылауды ұйымдастырады, ол үшін мүгедек адамның аумақтық бөлімшелерге келуінің бақылау мерзімдерін анықтайды.
- Кейбір сауықтыру іс-шараларының орындалмау себебіне байланысты көрсеткіштер бар болғанда аумақтық бөлімше сауықтырудың медициналық және/немесе әлеуметтік және/немесе кәсіби бөліктері бойынша қосымша іс-шаралар белгілейді немесе әрі қарай сауықтыру іс-шараларын жүргізудің қажеттілігі және орындылығы туралы мәселені шешеді.
- Жүргізілген сауықтырудың медициналық, әлеуметтік және кәсіби бөліктері аяқталғанда СЖБ жүзеге асыруға жауапты басшы қол қояды, мөрлермен куәландырылады және көрсетілген мерзімнен бір айға кешіктірмей аумақтық бөлімшеге қайтарылады.
- СЖБ жүзеге асыру туралы қорытындыны сауықтырудың медициналық, әлеуметтік және кәсіби бөліктерін жүзеге асырудың тиімділігін бақылау негізінде алқалық талқылаудан кейін аумақтық бөлімше шығарады, аумақтық бөлімше басшысы бекітеді, куәландыру үшін мөртабан басады.
- СЖБ жүзеге асыруды бақылауды аумақтық бөлімше іске асырады.



Материалдарды ҚазОжРФЗИ психологиялық-әлеуметтік көмек бөлімінің мамандары дайындады.